

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА
LITERARY STUDIES AND FOLKLORISTICS

МҒТАР 17.82.10

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp89-100](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp89-100)

Г.А. Абилкасімова

Әлихан Бөкейхан университеті, Семей, 071410, Қазақстан Республикасы

**ҰЛТТЫҚ РУХ КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ПОЭЗИЯ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ
ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ СИПАТЫ (ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ПОЭЗИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Мақалада поэзиядағы нарративтік идея, поэзия аудармаларының кейбір мәселелері, ұлттық рух концепциясы ұғымдарына сипаттама беріледі. О. Сүлейменовтің «Ұлттық рух» концепциясы бейнеленетін өлеңдерінің түпнұсқасы мен аудармалардағы интеграциялық сәйкестігіне талдау жасалады. Зерттеудің өзектілігі О.Сүлейменов шығармаларында берілген нарративтік идеядағы ұлттық рух концептісінің түпнұсқа мен аударма мәтініндегі ықпалдастық сипатына ғылыми интеграциялық талдау жасаудан көрінеді.

Поэзия аудармаларына қойылатын талаптарға берген ғалымдар пікірі ескеріле отырып, оның интеграциялық сипаты поэзияда қалай көрініс тапқанына назар аударылады. Әлемдік әдебиетте кең масштабты орынға ие ақын поэзиясының адамгершілік, адалдық, борыш деп аталатын ұлттық концепцияға негізделген нарративтік идеядан құралатынын дәлелдей көрсетеді.

Мақалада Олжас Сүлейменов шығармашылығын жан-жақты зерттеген ғалымдардың зерттеулері назарға алынып, пікірлері мен көзқарастары сараланды. Соның нәтижесінде Олжас Сүлейменовтің поэтикалық мұраларын зерттеуде ғалымдардың назар аударған басым бағыттары – шығармашылық ғұмырбаян және шығармашылық портрет, поэзияның түркітану, әлемтану, мәдениеттану салаларымен трансформациясы, өлеңдердің ішкі және сыртқы формасы, өлеңдердегі образдылық, шетелдік ақын шығармаларымен гормониялық байланысы тәрізді мәселелер екені айқындалды.

Кілт сөздер: нарративтік идея, ұлттық рух, ұлттық сана, концепция, аударма, интеграция, образ.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Көркем аударманың ең күрделі саласының бірі поэзия аудармаларының негізгі нысаны туындының мазмұны және автор идеясын оқырманға дәл жеткізу болып табылады. Аударманың мақсаты өлең бір тілден бір тілге ауысу арқылы мәдениет алмасуынан өтіп, сол халықтың төл туындысы іспетті көрінуі керек деген тұжырымды ұстанады. Өзіне лингвистикалық, әдеби-тарихи, мәдениеттанушылық, философиялық-эстетикалық, текстологиялық және семиотикалық талаптарға жауап беру сынды міндеттерді жүктейді. Егер аударылатын мәтін авторы төл халқымыздың перзенті болып, шығарма өзге тілде жазылса, бірінші кезекте зерттеуді ақын өлеңдеріндегі нарративтік идеяның екі тілдегі көрінісіне интеграциялық сипаттама беруден бастаған жөн.

Зерттеуімізге арқау болған поэтикалық аудармалардағы ұлттық рух концептісі түпнұсқа және аудармада қаншалықты сәйкестік тапқан? Поэтикалық аударма жасауда өлеңнің мазмұны, идеясы және формасының қаншалықты ықпалы бар? Сұрақтың ғылыми

маңыздылығын орыс тілді қазақ ақыны Олжас Сүлейменов поэзиясындағы ұлттық рух концептісін делимитациялау және инстанциялық ықпалдастықты тану гипотезасы арқылы зерттемекпіз. Бұл зерттеу әдеби қазынаның аударма арқылы қолданылу аясын кеңейтіп қана қоймай, төл әдебиетіміздегі эстетикалық идея мәдениетінің маңыздылығын арттыра түседі. Өзге ұлт тілдерінен аударылған әр түрлі нұсқадағы аудармаларды талдап, талқылау қалыпты жағдай деп қабылдасақ, төл перзентіміздің туындысын ана тілінде сөйлете отырып, ондағы ұлттық рух концептісін дәл жеткізе алудың маңызы зор екенін ұғынамыз.

КІРІСПЕ

Әдебиеттану ғылымына постмодерн дәуірінде қолданысқа енген нарратология термині заманауи әдебиеттану ғылымында жаңаша бағыт алып, өзекті тақырыпқа айналды. Термин сюжет және фабула категориялары негізінде әңгімелеу теориясын қарастырады. Ұғымның қалыптасуына ықпал еткен ғалымдар В. Шмидт, Р. Барт, Ф. Джеймисон зерттеу еңбектерінде терминді баяндау концепциясы негізінде алып, проза жанрында кеңінен қарастырған. Қазіргі нарратив ұғымын біреулер әдіс десе, біреулер заманауи термин ретінде қарастырады. Б. Хейден, Б. Томашевский, В. Галанова, Г. Ермоленко сынды ғалымдар нарратология терминін поэзия жанрымен байланыстырып, әдебиеттану ғылымында «поэтикалық нарратив» ұғымын енгізді. Тақырып таңдауға негіздеме болған да – осы мәселе. Ақын Олжас Сүлейменов поэзиялық шығармаларындағы терең философиялық ойлары мен күрделі көзқарастары, парадокстары мен пастулаттары зерттеуші ғалымдардың назарын аударып келеді. Орыс тілді қазақ ақыны Олжас Сүлейменов поэзияларындағы нарративтік идея ұлттық рух концептісіне негізделеді. Нарративтік идеядағы ұлттық рух концептісінің түпнұсқа мен аударма мәтініндегі ықпалдастық сипатына ғылыми интеграциялық талдау жасаудың өзектілігі жоғары. Зерттеу тақырыбына сәйкес мақала ұлттық рух концептісінің поэзиядағы көрінісі, поэтикалық нарративтің аудармалардағы интеграциялық сипаты және өзге тілді Отандық поэзиядағы ерекшелігін талдау сынды мақсаттар мен міндеттерді қарастырады. О. Сүлейменовтің поэтикалық мұраларының өміршеңдігі мен қуаттылығының құпиясы халқымыздың ұлттық құндылықтарымен тығыз байланысып жатыр. Ұлттық құндылықтармен терең сусындаған, тарихын таразылай алатын, болашағына болжаммен қарай білген адам ғана «арғымақтай» қуатты жырларды дүниеге әкеле алса керек. Зерттеу нәтижелеріне қол жеткізу үшін аударма мәселесіне жалпылама сипаттау емес, поэзия аудармаларына, нарративті идея ұғымына талдау жасап, О.Сүлейменов поэзиясында көрініс табатын ұлттық рух концепциясының аудармалардағы интеграциялық сипатын зерттеу көзделеді.

Зерттеу гипотезасына дәлел ретінде ақынның «Ұлттық сана» концепциясы негізіндегі түпнұсқа және аударма өлеңдерін екі топқа бөліп классификациялауға болады. Бірінші топқа ақынның «Ұлттық сана» концепциясын сипаттайтын ұғымдар жиі кездесетін және жеке тақырыпқа арқау болған шығармаларын жатқызамыз. Екінші топқа өн бойынан «ұлттық» бояу нақыштары кездесетін өлеңдерін атаймыз. Демек, ақын идеясын танытуда ұлтына деген махабат, жанашырлық және ұлттық мінездің өлеңдерде көрініс табуын көрсетуге болады. Зерттеу жұмысының жаңалығы – қазақ, орыс тілдеріндегі өлең мәтіндеріндегі ұлттық рух концептісінің интеграциялық сипаты классификациялана ұсынылған.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Оқырманды эстетикалық әсерге жеткізу жолында аударма эволюциясы бағытты реалистік аударма әдісіне бұрды. Бұл әдіс кеңінен қолданылып жүрген сөзбе-сөз аудару және еркін аударма мәтіндерінің семантикалық ерекшелігімен қатар, синтаксистік құрылымы мен формасын сақтау принципін ұстанады. Тақырыпты поэзия аудармалары жайлы алғаш зерттеу жүргізген М. Әуезов, М. Қаратаев, Қ. Нұрмаханов, Т. Әлімқұловтардың іргелі ғылыми зерттеулеріне сүйене отырып, салғастырмалы, компаративтік, герменевтикалық және жазба поэзия экспрессиясында жиі кездесетін интермәтіндік әдістерді қолдана отырып зерттеудің

тиімділігі жоғары. Зерттеу нысаны болып отырған сан қырлы тұлға Олжас Сүлейменовтің поэтикалық еңбектеріндегі «Ұлттық рух» концепциясын тануда бірнеше зерттеу кезеңдерін атауға болады. Зерттеудің алғашқы кезеңінде зерттеудің өзектілігі танылып, теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды. Ақын шығармашылығын жан-жақты зерттеген ғалымдардың пікірі мен тұжырымдамалары, мақалалары мен еңбектері басты назарға алынды. Екінші кезеңде Олжас Сүлейменовтің өлеңдері «Ұлттық рухтың» қайнар көзі екендігі ғылыми-тұжырымдамалық тұрғыдан талданды.

Зерттеудің үшінші кезеңінде ақынның поэтикалық шығармаларына жүргізілген зерттеу нәтижелері қорытындыланды. Нәтижесінде О.Сүлейменов өлеңдерінің өміршендігі мен қуаттылығының кұпиясын ұлттық құндылықтармен тығыз байланыстыра аламыз деген тұжырым жасалды. Ұлттық құндылықтармен терең сусындаған, тарихын таразылай алатын, болашағына болжаммен қарай білген адам ғана «арғымақтай» қуатты жырларды дүниеге әкеле алады деген тұжырымға келеміз. Бұл гипотезаны зерттеуде эксперименттік зерттеу әдісі қолданылды. Әдіс гипотезаны алдын-ала жасауды басшылыққа алуымен ерекшеленеді. Яғни мақұлдануы немесе жоққа шығарылуы керек мәлімдемеден басталады. Зерттеу барысында жинақтау, талдау, тұжырымдау әдістері де қолданылды. Біздің тұжырым бойынша Олжас Сүлейменов – қазақ поэзиясын ұлттық сана контекстінде әлемдік кеңістікке алып шыққан бірегей ақын.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ аударматануының зерттеліп, қалыптасуы М.Әуезов, Ө.Айтбаев, Ә.Сатыбалдиев, З.Тұрарбеков, М.Жанғалин, С.Сейітов сынды аударма мәселелерімен тікелей айналысқан ғалымдардың зерттеу еңбектерінен бастау алып, С.Талжанов пен Н.Сағындықова, С.Абдрахманов, Ө.Күмісбаев, А.Қыраубаеваның осы тақырыптағы докторлық диссертациялары негізінде жалғасын тапты. Бүгінгі таңда аударма мәселесі жайлы зерттеу еңбектерінен бөлек, сын кітаптар және мақалалар да жиі жарық көруде. Аударманың негізгі міндетіне келсек, ең алдымен ұлттар мәдениетін танытатын, халықтар достығының кепіліне айналған ұғым. Бұл туралы ғалым С. Сүтжанов: «Ұлттық көркемдік дамудың тарихи-әлеуметтік жағдайлары мен алғы шарттары туралы мәселенің көкейтестілігі әдеби қарым-қатынастарды өзара тығыз көркемдік алмасуларға итермелеп, маңызын арттырады» [1, 45] дейді. Ақын аудармалары қазақ әдебиетінің эстетикалық мәдениетін көтеріп, өзге де ақын-жазушы шеберлігінің жетіле түсуіне игі ықпалын тигізді, рухани дәнекер бола білді. О. Сүлейменов поэзиясының аудармаларын қарастырмас бұрын, ақын шығармашылығының зерттелуіне шолу жасайық. Олжас Сүлейменовтің поэтикалық мұраларын зерттеуде ғалымдардың назар аударған басым бағыттары – шығармашылық ғұмырбаян және шығармашылық портрет, поэзияның түркітану, әлемтану, мәдениеттану салаларымен трансформациясы, өлеңдердің ішкі және сыртқы формасы, шығармашылығының тілдік құрылымы мен дыбыстық ерекшелігі, тақырыптың сан алуандығы, тақырыптық идея мәселесі, поэзияның жанрлық ерекшелігі, өлеңдердегі образдылық, шетелдік ақын шығармаларымен гармониялық байланысы сынды мәселелер болып келеді. Бұл тұрғыда ақын мұраларын зерттеген З. Ахметов, М. Қаратаев, Х. Махмудов, М. Ауэзов, Б. Канапьянов, С. Құттықадам, К. Бұзаубағарова, Р. Утепова, А. Мусаев, Э. Какильбаева, Н. Какишева, У. Калижанов, Т. Алиева, Б. Амалбекова, Н. Джусупов, С. Абдулло, т.б. және шетелдік: Л. Мартынов, А. Вознесенский, С. Марков, Б. Слуцкий, Л. Аннинский, Р. Казакова, Р. Рождественский, Б. Машкова, У. Бактикерева, Н. Вербовский т.б. сынды ғалымдардың нәтижелі зерттеу еңбектерін ұсынып келе жатқандығын айта кеткен жөн. Ақын өлеңдерін қазақ тілді оқырмандарына етене жақын еткен Ә. Кекілбай, Қадыр Мырза Әлі, Ұ. Есдәулет, А. Тасқара, Е.Жүніс, Е.Алаштуған аудармаларының мәні зор. О.Сүлейменов поэзиясындағы нарративтік идеяның басым бөлігі ұлттық рух концепциясы негізінде ерекшеленетінін байқауға болады. Түпнұсқа мен аудармалардағы ұлттық рух концептісінің ықпалдастық сипаты ақынның басты нарративтік идеясын айқындайды. Зертеушілер нарративтік тәсілдің кең қанат жаю

танымалдылығын жаңа ғылыми парадигма құруға және постпозитивтік әдісті одан әрі жетілдіруге ниеттілігімен түсіндіреді. Гуманитарлық ғылымдардың нарративке деген тың көзқарасқа қызығушылықпен қарауы баяндаудың өмір сүру шарттарымен астасқан психологиялық, лингвистикалық, философиялық талпыныстар негіздерінен құралады [2].

«Нарратив – бұл уақытша немесе және тұрақты мағыналық байланысы бар бірқатар оқиғалардың семиотикалық көрінісі»[3, 176].

«Нарратология» ХХ ғасырдың екінші жартысында батыста қалыптасқан баяндау теориясы туралы ұғым. В. Б. Шкловский, Б. В. Томашевский, К. Леви-Стросс, Ц. Тодоров, К. Бремон, А. Греймас, Р. Барт, Ж. Женетт нарратология шеңберін баяндау теориясының статикалық және өлшемдік құрылымына арнады. Терминнің кеңінен қолданылып, тереңірек зерттелуі ХХ ғасырдың соңындағы М.Шмид пен М. Флудерник еңбектерімен тікелей байланысты. Бұл кезеңді тіпті, ғалымдар нарратологияның алтын кезеңі деп те атады. Нарратология ілімі С.Ысқақұлы, С.Такиров, Е. Хуатбекұлы сынды Отандық ғалымдар зерттеулеріне еніп, қазақ әдебиеттану ғылымындағы орнын айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеуіміздің негізгі нысаны болып табылатын «Ұлттық сана» концепциясы О. Сүлейменов поэзиясының негізгі нарратологиялық идесы екендігіне көз жеткіземіз. «Ұлттық рух» дегеніміз не? Ұлттық рух қалай қалыптасады? Ұлттық рухты не оятуы мүмкін? О.Сүлейменов ұлттық рух концепциясын әлемдік әдебиетке қалай алып шықты? Енді осы сұрақтарға жауап іздестіріп көрейік. Уикипедиялық сөздікте «Ұлттық сана» ұғымы «Ұлттық өзіндік сана» деп алынып, төмендегідей анықтама берілген. Ұлттық өзіндік сана – белгілі бір ұлттық қауымға енетін адамдардың осы қауымның идеалдарын, мәдени нормаларын, дәстүрлерін, тұрмыстық стереотиптерін меңгеруін, сондай-ақ, жалпы қоғамдағы әлеуметтік-этникалық топтың мүдделері мен жағдайларын түсінуді сипаттайтын елестету деңгейі. Ұлттық өзіндік сана – ұлттық қоғамдық шындықты өзінше қабылдап, оны салт-дәстүр, ұлт тілі, ұлттық өнер арқылы білдіруі.

Ұлт тарихына көз жіберсек, «Ұлттық рух» пен «Ұлттық сана» әр қазақ баласының санасы мен жүрегінде оянып, түрліше көрініс тауып жатқанымен, оған өткен ғасырдағы ғалымдарымыз термин ретінде анықтама беріп, ғылыми талдау жасай алмады. Ауыздан шыққан әр сөзді тоталитарлық цензура зерттеуге мүмкіндік бермеді. Ғалымдарымызға «Ұлттық сана» концепциясы жайлы сөз қозғау бақыты еліміздің Тәуелсіздік алған кезеңінде бұйырды. Бұл тұрғыда С. Құлбарақтың «Ұлттық рух және поэзия» атты зерттеулер мен ой-толғамдар жинағын, «Ұлттық рухтың ұлы тіні» Ұ. Сыдықовтың «Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік» және т.б. ғалымдар еңбегін атап өткен жөн. Ғалым Ұ. Сыдықов «Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік» атты ғылыми еңбегінде «Ұлттық сана» мен «Ұлттық рух» ұғымдарының ортақ мазмұны болғанымен, біртекті ұғым ретінде атауға болмайтынын айта келіп, «сана» ұғымының қалыптасу, өсіп- өркендеу, даму, қоғамдық ықпалына байланысты бірнеше деңгейге бөліп қарастырған. Пендешілік сана – пенденің өмір сүруі үшін тіршілік үшін күресімен сипатталатын ең төменгі деңгей ретінде сипатталады. Масылдық сана – кеңестік дәуірдегі «үкімет өлтірмейді» деген немқұрайлылық пен жалқаулыққа бастаған кері түсінікті тудырған сана деңгейі дей келіп, еліміз Тәуелсіздік алған кезеңде масылдық сана еліміздің даму көшіне ілесуіне үлкен кедергі келтірді деген пікір білдіреді. Таптық санада – адам бойындағы құмарлық, қанағатсыздық, ысырапшылықтың басым түсуі көрініс табатынын айта келіп, бұл саналық деңгейлердің қай-қайсысында да «Ұлттық рух» мәселесі жайлы сөз қозғауға болмайтынын айтады [4].

«Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, О.Сүлейменов поэзиясынан ақынға ұлы халқы дарытқан ұлттық рух лебін сезіне аламыз. Ұлттың рухани құндылықтарын безбендейтін халықтың бірден-бір байлығы – сөз өнері болғандықтан, ендігі кезекте ұлттық бояулармен жазылған ақын өлеңдеріндегі «Ұлттық сана» концепциясының интеграциялық сипатын талқылайық.

ТАЛҚЫЛАУ

О. Сүлейменов – шығармаларын орыс тілінде жазатын нағыз қазақ ақыны. Көрнекті мәдениеттанушы Мұрат Әуез ақынның «Арғымақ», «Мен көрдім», «Көкбөрілер» сынды өлеңдерінің өткір жолдарынан «тоталитарлық жүйедегі зорлық-зомбылыққа наразылық» сарыны байқалатынын атап көрсетті [5]. «Өлеңнің әсем әуезділігін толық сақтай отырып, өлеңге тән ерекшелік, сипат дарыту, өлеңнің ырғақ-интонациясын, сөйлемнің синтаксистік құрылысын сөйлеп айтқандағы құбылта білу – үлкен шығармашылық міндет. Бұл үшін өлең тілінің ырғақ- интонациялық байлығын жан-жақты аша түсіп, өлең өлшемдерінің алуан түрлерін орнымен, шебер пайдалана білу қажет» дейді белгілі зерттеуші З.Қабдолов [6, 239].

Кружись, айналайын. Земля моя!

Как никто Я сегодня тебя понимаю.

Все болезни твои На себя принимаю.

Я кочую, кружусь, по дорогам твоим... [7, 179]

Бүкіл әлем әдебиетіндегі поэзия әр халықтың тілдік ерекшелігіне сәйкес әр түрлі жүйеде жазылатыны белгілі. Қазақ өлеңінің жүйесі көбіне силлабикалық жүйе болып келеді. Ал бұл жолдарда идея, мазмұн қазақы болғанымен, жүйесі – тоникалық. Шумақтар еркін, автордың қалауынша, баспалдақты кестеге салынған. Бірақ мәселе мұнда емес. Мәселе тоникалық сипаттың байырғы қазақтың халықтық тұрмыс-салт жырларында да жиі кездесетіндігінде болып тұр. О. Сүлейменов өзі пір тұтатын Махамбет ақынның жырлары да ұйқас, буын, ырғақтың еркін түріне құрылғандығын айта кеткен жөн. Біз мұны ақ өлең, ерікті ұйқас деп атаймыз. Ақын өлеңдерінің сыртқы формасы қазақы өлең жүйесіне жат емес. Ал ішкі идеясы, сөзсіз нағыз қазақы елжандылық болмысты танытып тұр. Ұлттық бітімі – дархан мінез, кеңпейіл көңіл, адал махаббат ақындық эмпатиямен ұштаса келіп, халықтық ақ өлең бейнесінде көрініс тапқан. Біз ақынның тек қана шығармашылықпен ғана емес, өз мемлекетінің ірі қоғамдық, саяси, экологиялық мәселелерімен де айналысқанын білеміз. Ендеше, бұл өлеңді ақын өз туған жерінің бүгінгі мен ертеңіне үлкен жанашырлықпен, ақын алаңдаушылықпен жырлағаны даусыз. О.Сүлейменов поэзиясының лейтмотиві – туған халқының ұлттық ерекшелігі. Ақын әлемнің кез-келген бұрышында тұрса да, көз алдына өзінің сахара даласын елестетті, мысалы, Небраска штаты туған даласын көз алдына алып келді. Ақынның әлемдік категория болып саналатын көшпенді архетипі және жетекші поэтикалық образдары да дәл осы көшпелі халық әлемінің әсерінен туындаған.

«...Рухтанып, көтерілу кезеңі басталды. Біз өзімізді өзіміз арқылы еске аламыз. Көтерілу үшін өз томарымызды жасап, өз төмпешігімізді қалаймыз ба, әлде алақанымызды жырым-жырым етіп, ауыр да, тікенді томарды сүйрелеген күйі қаламыз ба, бұл Дала, сенің өзіңнің рухани шарықтау шегіңе байланысты...»[8, 12] ақынның бұл ұстанымы оның поэзияларында ерекше айқындала түсті. Ақын поэзиясының сарқылмас қуаттылығының сыры – бабаларымыздың генетикалық коды, халықтық рухымызды сипаттайтын көшпенділік, дала, арғымақ, көкбөрі, батыр, әнші, шебер т.б. ұғымдармен қатаң байланысып жататындығында және автордың өнернамалық кеңістігінің кеңдігі мен әмбебаптығында. Ұлы даланың дүбірлі байтақ тарихы, құман-қыпшақтың ар-намыс қағидаты, ғұндар мен түркілердің жыраулық жорық сарыны, көне түркі және славян мәдениетінің ұшқыны, өткеннің інжу маржан дәстүрін бойына жинақтауы, қазақ халқының ерлік шежіресі бірегей поэтикалық шығармаларды дүниеге әкелуіне басты себеп болды.

Олжас Сүлейменовтің «Ұлттық сана» концепциясын ассоциациялайтын шығармаларын екі топқа бөліп қарастырған жөн. Бірінші топқа халықтық ұғымдардың ақын өлеңдерінде тақырып болып немесе сөз, сөз тіркесі болып кездесуін жатқызуға болады. Жоғарыда атап кеткен халықтық ұғымдармен қатар, ақын шығармашылығында «көшпенділер» бейнесі маңызды рөлге ие. «Қазақтың зиялы ақыны О. Сүлейменов Хемингуэй сияқты қоғамның гуманистік сипатына әрқашан сенді және өзінің күш-жігерін сыртқы әлемге қазақтың ішкі көшпелі мәдениеті туралы инсайдерлік білім беруге бағыттады»[9]. Бұған

ақынның «Арғымақтар», «Бетпақ Дала», «Ақсақ құлан», «Қыс алдындағы көшпенділер», «Құман әні», «Көшпенділер», «Біз – көшпенділерміз» т.б. сынды өлеңдері мысал бола алады. О. Сүлейменовтің «Солнечные ночи» өлеңдер кітабының негізгі тақырыбы да осы – «дала». Мұндағы өлеңдерде ақын даламен көп сырласады, негізгі идея да далаға қаратыла айтылады. Мысалы, жинақтағы «Ақсақ құлан» өлеңінде дала мектебі туралы: жылқылар үйірі, дала заңдылықтары, үйірге төнген қауіптен қалай құтылуды білетін кәрі үйір басшысы туралы кеңінен бейнеленеді. Ақынның даланың тағы бір бөлшегін шабыттана суреттейтін бірегей туындысы – «Бөрілер» (Волчата) өлеңі. «Бөрілер» көне түркі және халықтық ұғымның рухтық сипатын айқындайды. Түркі халықтары өздерін көкбөрінің ұрпағымыз деп санап, қанына біткен батырлық пен тәкаппарлықты бөрілік тәрбиімен байланыстырады. Бұл өлеңде ақын:

...Голодные волчата позабыли,

Как властно пахнет в зарослях укроп,

Они, прижавшись к ранам, жадно пили

Густую, холодеющую кровь...[7, 87] деп тәкаппарлықпен қоса қатігездікті де қатар суреттейді. «Волчата» өлеңімен қатар «Ұлттық сана», «Ұлттық рух», «Ұлттық бояуды» танытатын өлеңдері қатарына: «Аргамақ», «Догони», «Бетпақ-Дала», «О, Конь», «Расставанье», «Домбра», «Айналайын», «Над пустыней», «Вы меня любите, горы?» және т.б. өлеңдерін жатқызуға болады. Өлең мәтіндеріндегі «шұбат», «ат», «арқан», «әруақ», «арық», «айран», «шапан», «бүркіт» т.б. сөздердің аудармасыз берілуі, ақын өлеңдерін ұлттық реңкпен ажарландыра түседі. О. Сүлейменов әлем әдебиетіне қазақ халқының ұлттық құндылықтарын таныта білді. Бұл топқа ақынның халықтық образды бейнелейтін өлеңін де жатқызуға болады. Ақын, батыр, қолбасшы, көсем, тарихи тұлға Махамбет Өтемісұлының ақындық поэтикасын, өмір жолын О. Сүлейменов терең зерттеп, насихаттады, батыр бейнесін қайта тірілтті. Ақынның батыры арқылы халқының ұлттық бейнесі көрінетін «Махамбету» өлеңіндегі ұлттық рух идеясының түпнұсқа мен аудармаларына интеграциялық сипаттама берейік.

Мне говорят – Ты был порою строгим,

Раскалывал мужчину до сопог,

Потом писал лирические строки,

И в каждом слове улыбался бог [7, 185]. Шығармаға қазақтың белгілі ақындары Қ. Мырза Әлі және Ә. Кекілбай аударма жасады. Түпнұсқада өлең екі шумақтан, жиырма алты тармақтан құралған. Қ. Мырза Әлі аудармасы екі шумақ, он жеті тармақ, Ә. Кекілбай аудармасы екі шумақ, он тоғыз тармақты құрайды. Екі аудармаға да тән интеграциялық белгі, аударманың жолма-жол ардару әдісі арқылы емес, мазмұнын сақтай отырып аударылғандығы. Қ. Мырза Әлі Махамбет мінезіне ерекше көңіл бөлген. Өлеңнің алғашқы жолы:

Қас жауынды

Ел алдында жазықты

Жерге қағып жіберіпсің қазық қып...[8, 240] деп басталады. Ерікті ұйқасқа құрылған өлеңдегі батыр образының нарративтік сипаты ұлттық мінез арқылы көрінеді. Бұл жолдардан жаны қашан да халқымен бірге батыр образын танимыз.«Мне говорят –Ты был порою строгим» жолдары қас жауын қазық қып жерге қағып жіберетін ер мінезімен сәйкестене аударылған. «Потом я слышал, ты прирезал хана, свирепый мой кочевник Махамбет...» деген жолдар

...О, даланың Жолбарысы,

Көкжалы

Өзіңнен бе? Сөзіңнен бе?

Әйтеуір

Сенен кепті дейді ханның ажалы...[8, 241] Осы жолдан Махамбеттің тағы бір халықтық бейнесі көрінеді. Ол – шешендік. «Сөзіңнен бе?» деген бір ғана сөз, бір ғана тармақ Махамбеттің «Шешен Махамбет» образын танытады. Ханды ажалына жеткізетін батырдың сөзі болса, ол осал сөз болмақ емес. Ханның ажалы батырдың қолынан емес, сөзінен де болуы мүмкін деген ой салады. Салмақты сөз салмақты ойдан туатынын ескерсек, аудармадан «Ойшыл Махамбет» бейнесі арқылы ұлттық рух концептісін тану да қиын емес. «Махамбетке»

өлеңінің Әбіш Кекілбай аудармасына назар аударсақ, Махамбет образының батырлық және ақындық жағынан ашылуына басымдық беріліп, ұлттық рух концептісін ұлттың батырлық және ақындық сипатын астастыра көрсетуімен ерекшеленеді.

*...еще я знаю – ты съел барана
и жеребенка за один обед...* деген жолдар

*Тай қазанға тақ тойып,
Құнан қой мен құнанды
Сытырып сипап кетіңсің.
Алтын тақты қақ бөліп*

Алшыдан салып өтіңсің...[8, 169] деп, суреттеудің күрделі түрі қолданылған. «Құнан қой мен құнанды алшыдан сипап» өтті деген жолдардағы суретті сөздер гиперболаға жақын, халықтық батырлар жырының сарынында жырланған. Аударма нұсқасының тағы бір ерекшелігі Махамбет бейнесінің портетіне назар аудару арқылы ұлттың бейнесіне назар аудару байқалады.

*... Шүйіріп шүңірек көзіңді,
Қарқылдап тұрып күліңсің*

Шалғалы жатқан тамақтан...[8, 72] деген жолдар Махамбеттің келбетін асқақ мінезін және батырлығын айқындайды. Түпнұсқадағы түйін

*... Какая радость, что я стал поэтом,
иначе б я не знал, что ты – поэт* [7, 121] –деп берілсе, Қ. Мырза Әлі:

*...Қандай бақыт ақын болып туғаным,
Сені ақын деп білер ме едім, әйтпесе!* [8, 152]– деп аударды.

Ә.Кекілбайда бұл жолдар:

*... Аллаға мың да рахмет
Түсінсін деп өзіңді*

Ақын қылып жаратқан... [8] деп беріліп, ұлттық мінез, ұлттық бейне, батырлық, шешендік сынды ұлттық рух концептісін сипаттайтын нарртивтік идея түпнұсқа мен аудармаларда интеграциялық бірізділікті көрсетіп тұр. О.Сүлейменов өлеңдеріндегі ұлттық рух концептісін сипаттайтын тағы бір топқа мазмұны мен идеясының негізгі түйіні «Ұлттық сана» концепциясы болып табылатын өлеңдерін жатқызамыз. Бірінші топтан айырмашылығы мұнда өлеңнің тақырыбы ұлттық бояулы сөздермен аталмайды. Бірақ біз оны мұқият оқығанда ғана идеясы мен мазмұнынан ұлттық нақыш менмұнда лап тұратынын байқай аламыз. Мысалы: ақын «Помнишь» атты өлеңінде анасының ертегі оқытуды ең алғаш мәжбүрлеп бастағанын баяндайды. Өлеңнің идеясына үңілсек, оқуға қыры жоқ баланы тәрбиелеген анасы және ертегі. Екеуі де халықтық тәрбиеде маңызды орын алатын ұғымдар. Демек, халықтық тәрбиеден басталған талап нәтижелі болғанын көре аламыз. «Жара» атты өлеңге назар аударсақ, ақын аптап ыстықта алма ағашының астында тыныстап жатқан аруды бейнелейді. Өлеңнің түйінді идеясы – сұлулықты әспеттеу болса, ақын сұлулықты жерге сүйретілген бұрыммен шендестіре суреттейді. Бұдан аңғарарымыз ақын талғамындағы эстетикалық параметр – ұлттық ұғымымыздағы «бұрым» арқылы өлшеніп тұрғанындығы. Демек, ақынға зор талғам қалыптастырған да ұлттық ұғымдар болса керек. «Счастье» өлеңінде ақын кеңестік кезеңде совхозға су бұрқағын орнату туралы сюжетті баяндай келіп:

*... Но всякий раз, когда меня берет
не за душу – за горло чья-то воля,
я вспоминаю плачущее поле*

и тот великодушный мой народ...[7, 313] деп қорытады. Осы жолдардан ақынның өз ұлтына деген шексіз махаббаты мен құрметін аңғарамыз. Мұнда ақын өз халқының ұлттық мінезін зор мақтанышпен атап, өлеңінің арқауы етіп жырлап тұр.

«Возвращение» атты өлеңін оқи отырып, бір уыс топырақтың қадірін жете түсінген нәзік лириканың куәсі боламыз. Мұнда ақынның төрткүл дүниенің қай бұрышында жүріп:

«Земля везде, по-моему священна» деген түйінге келуіне, өз топырағының құдіреті басты себеп болғанын аңғару қиын емес. Ойымызды «Ночные сравнения» өлеңіндегі келесі дәлелдей түседі:

*...Так в горах любили и в степях,
так любили – и смеясь и плача.
Разве можно полюбить иначе!..*

Я люблю тебя, как я – тебя...[7, 178]. Бұл өлеңнен-ақ ақынның айналасына деген асқақ махаббатын қалыптастырудағы «ұлттық сананың» рөлін өзіңіз таразылай беріңіз...

Ақынның «Арғымақтар» атты өлеңіне назар аударайық. Халықтық рухтың қайнар көзіндей болған «арғымақ» ұғымының қазақ халқы үшін орны ерекше. «Арғымақ» сөзі халықтық санада киелілік, елдік, батырлық, жылдамдық, кеңдік, тазалық, асқақтық, сұлулық сынды ассоциациялық ұғымдармен байланысты қолданылады. Бұл түсінік Олжас Сүлейменовтің «Арғымақтар» өлеңінде ерекше жеткізілген:

*... Эй, половецкий край,
Ты табунами славен,
Вон вороны бродят
В ливнях сухой травы.
Дай молодого коня,
Жилы во мне играют,
Я проскачу до края,
Город и степь
Накреня.
Ветер раздует
Пламя
В жаркой крови аргамака,
Травы сгорят под нами,
Пыль
И копытный цок .
Твой аргамак узнает,
Что такое атака,
Бросим робким тропам*

Грохот копыт в лицо!..[7, 234] Ақын өлеңінен еркіндік ебі есіп тұр. Ол кең далаға дархан көңілмен батылдана үн қатады. Үнінде асқан сенімділік бар. Бойында ұлы даланың өз ұлына және тұлпарына дарытқан халықтық болмысы бар. Бұл өлеңнің өн бойындағы қазақы рухты бұзбай, қазақ тілінде дәл жеткізу сияқты күрделі әрі жауапкершілігі мол іске көптеген ақындар өзіндік үлес қосты. Мысалы, Әбіш Кекілбаев ақынның айтар ойын дәлме-дәл аударма арқылы жеткізуге тырысқан. Түпнұсқадағы он тоғыз жол, аудармада он тоғыз тармақпен берілген. Олжас Сүлейменовтің өлеңдерінің басым көпшілігін аударып, қазақ тілді оқырмандарына етене жақындастыра білген Қадыр Мырза Әлі «Арғымақтарды» он алты жолмен аударып, өлеңнің бар кереметін аз сөзбен жеткізген. Екі ақын да аудармада сұлу сөз тіркестерін қолданып, троп түрлерін барынша құбылта қолданады. Ақын Ұлықбек Есдәулет аудармасы түпнұсқаға барынша жақын келетіндей. Бұл аударманың басты ерекшелігі ақынның айтар идеясы толық сақталып, қазақ өлеңіне тән жүйемен аударылғандығы. Қазақтың қара өлең ұйқасына құрылған бұл өлең жаңаша формаға еніп, оқырмандарына барынша жақындай түседі. Қай аударманы алып қарасақ та – оларды байланыстыратын бір ғана ұлы ұғым бар. Ол – Ұлттық рух! Бір өлеңді қай тілде жарласа да, қай ақын жырласа да, қалай жырласа да – айқын көрінетін бір-ақ түсінік бар. Ол – Ұлттық ерекшелік!

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз бүгінгі мақаламызда көпқырлы ақын Олжас Сүлейменовтің қазақ поэзиясын әлем әдебиеті кеңістігіне алып шыққан бірегей ақын екендігін баяндадық. Ақынның астарлы

поэзиясына үңілсек, ұлттық бояуды ағаруға болады, ал тереңдей қазбаласақ, ұлттық рух пен ұлттық сананы тани аламыз. О. Сүлейменов поэзиясындағы ұлттық рух концептісін сипаттайтын нарративтік идеяның түпнұсқасы мен аудармалардағы интеграциялық бірзділікті қарастырудағы басты мақсатымыз, қай шығармасын алып қарасақ та ұлттық концепцияның тайға таңба басқандай сөз немесе сөз тіркесі болып анық байқалатынын көрсету. Біз жоғарыда бұған бірнеше мысалдар келтірдік. Ақынның өлеңдерінің идеясы мен мазмұнынан байқалатын ұлттық түсініктегі ұғымдарды жатқыздық. Кез-келген өлең арқылы автордың стилін, идеясын, ақындық кредосын, өзіндік «менін» тануға болатыны белгілі. О. Сүлейменов поэзиясынан біз ақынның нағыз қазақ халқына тән көңіл кеңдігін, ой дархандығын, нәзік жүрегін, батыр мінезін, адал махаббатын тани аламыз. Түпнұсқаны шынайы жеткізу – көркем аудармадағы ең басты мақсат болып саналады. Автордың түпнұсқада айтқан ойларын, мәтіндегі сезімі, таным түсінігін дәл жеткізу, аударманың барлық талапқа сай жазылған жоғарғы көркемдік деңгейде жазу, түпнұсқада бейнеленген шынайы болмысты, баяндалған ақиқат жайларды аударма шығармасында шындық түрінде қайталап жеткізу – аударма қызметінің ең басты міндеті. Аудармашы «түпнұсқаның мазмұны мен формасының көркемдік бірлігін өлі фотокошірме немесе жансыз схема түрінде емес, біртұтас поэтикалық организм ретінде жаңғырта дүниеге қайта әкелуі керек» [10, 57] - деген С.Ф. Гончаренконың пікірімен келісе отырып, Қ.Мырза Әлі және Ә.Кекілбаев аудармалары да сәтті дүниеге келгенін айтуға болады. Ақын өлеңдеріне аударма жасаған өзге де ақындардың өлеңдеріндегі негізгі нарративтік идеяның сақталуына интеграциялық талдау жасау бұл тақырыптың әлі де зерттеле түсу қажет екенін көрсетті

Ақын бір сұхбатында өзі айтып өткендей, дамушы мемлекеттердің қай-қайсысы үшін тілдің қостілділігі мен үштұғырлылығы қауіпті емес. Керісінше біртілділік – ұлттың біртұтас ерекшелігін өз ішінде ғана танытып, өзге ұлтқа тек аударма арқылы жеткізілуіне тәуелді болып қалмақ. Калифорния университетінің зерттеушісі Наоми Бет Кафе өзінің славян тілдері және әдебиеті бағытындағы диссертациялық еңбегінде: «... көпұлттылық, азұлттылық және қостілділік сынды терминдер кейбір авторларды сипаттайды. Өйткені, олар арқылы сол халықты сипаттауға мүмкіндік туындайды...» [11, 79], дей келіп, Олжас Сүлейменов шығармашылығын өз зерттеуіне арқау етеді. О. Сүлейменовті қазақ есімі мен өнерін әлемдік аренаға алып шыққан ақын деуіміздің бір себебі осы. Мысалы: Ыбырай, Шоқан, Абай, Шәкәрім сынды қазақ данышпандарының еңбектері өзге елге аударма арқылы жетсе, О. Сүлейменовтің шығармашылығы бірден шет мемлекеттерге таралып, бүкіл әлемнің назарын бірден аударды. Ақынның орыс тілділігіне қарап, оны өзге ұлтқа телу үлкен әбестік. Жазылу тілі орыс тілінде болғанымен, өлеңнің өн бойынан ұлттық сананың, ұлттық мінез бен махаббаттың және қазақы рухтың иісі аңқып тұр. Ақын бойындағы бар кереметтілік ең бірінші оған өз ұлтынан дарыған. Тектілігі, туған топырағының тарихын терең тануы, ұлттық тәрбиесі, танымы, түсінігі, санасы, рухы, бар болмысы бірлесе келіп, оның өлеңдерін ұлттық бояумен әшекейлеп тұр. Демек, ақын бойына өр мінез, тума талант дарытқан оның айналасындағы ұлттық құндылықтар болса керек. Ұлттық құндылықтар «Ұлттық сана» қалыптастырып, «Ұлттық сана» өз халқын әлемге танытар ұлы шығармалар әкелуіне себепкер болып тұр деуге толық негіз бар. Адамгершілік, адалдық, борыш деп аталатын нарративтік идеядан құралған ақынның рухты шығармалары бүгінде әлемдік әдебиетте кең масштабты орынға ие болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сүтжанов С. XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ және түркі халықтары әдебиетінің типологиялық сипаты. – Алматы, 2006. – 64 б.
- 2 Хуатбекұлы Е. Н.Ә. Назарбаев шығармаларындағы нарратив пен дискурс. Философия докторы (PhD) ... дисс. – Алматы, 2017.
- 3 Scibior A. «What is it, your narratology?» Interview with Valery tyupa. Przegląd Rusycystyczny, 170(2), pp.37244. <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0> DOI: 10.31261/pr.7833

- 4 Құлбарақ С. Ұлттық рух және поэзия: Зерттеу, ой-толғам. – Алматы: Таймас, 2016. – 112 б.
- 5 Әуез М. Қазақ әдебиеті. Мәңгілік демі – Тәңірдің лебі. – No 20, 14 мамыр, 2021.
- 6 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 7 Сулейменов, О. Собрание сочинений в 7 томах. Сост. и вступ. ст. Сафара Абдулло. [Мәтін] – Алматы: «Атамұра», 2004. – 344 с.
- 8 Сулейменов О.О. Шығармалар жинағы 1-том. Өлеңдер. – Алматы: «Атамұра» баспа үйі, 2004 – 475 бет.
- 9 Harsha Ram. Imagining Eurasia: The Poetics and Ideology of Olzhas Suleimenov's AziIA – Cambridge University Press. – 2001.- 311б. (in English)
- 10 Гончаренко С. Ф. Поэтический перевод и перевод поэзии: константы и вариативность Тетради переводчика. – Москва, 1999. с. 107
- 11 Naomi Beth Chaffee. A dissertation submitted in partial satisfaction of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy in Slavic Languages and Literatures – Los Angeles: University of California, p. 209. 2013. (in English)

Материал 10.06.2024 баспаға түсті

Интегративное описание понятия национального духа в поэтических переводах (по мотивам поэзии Олжаса Сулейменова)

Г.А. Абылкасимова

Алихан Бокейхан университет, Семей, 071410, Республика Казахстан

В статье раскрывается нарративная идея в поэзии, проблемы поэтического перевода, описано понятие национального духа. Проведен тщательный анализ интеграционной совместимости стихотворений Олжаса Сулейменова, отражающих понятие «Народный дух» в оригинале и переводах. Принимая во внимание мнение ученых о требованиях к поэтическому переводу, обращено внимание на то, как интегративный характер отражается в поэзии. Поэт, занимающий масштабное место в мировой литературе, доказывает, что его поэзия сложена повествовательной идеей, основанной на национальных представлениях о нравственности, честности и долге.

В статье рассмотрены исследования ученых, всесторонне изучавших творчество Олжаса Сулейменова, проанализированы мнения и взгляды. В результате было установлено, что приоритетными направлениями, на которые обратили внимание ученые при изучении поэтического наследия Олжаса Сулейменова. В исследовании определено значение любви, сострадания к нации и национального характера в выражении идеи автора в произведениях поэта. Новизна исследовательской работы заключается в том, что в текстах стихов на казахском, русском языках классифицирован интегративный характер концепта национального духа.

Ключевые слова: нарративная идея, национальный дух, национальное сознание, концепт, перевод, интеграция, образ

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Сутжанов С. Типологическая природа литературы казахских и тюркских народов в первой четверти XX века. – Алматы, 2006. – 64 с.
- 2 Хуатбекулы Э. Нарратив и дискурс в творчестве Н.А. Назарбаева. ...дисс доктора философии (PhD). - Алматы, 2017.
- 3 Scibior A. «What is it, your narratology?» Interview with Valery tyupa. Przegląd Rusycystyczny, 170(2), pp.37244. <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0> DOI: 10.31261/pr.7833

- 4 Кулбарак С. Национальный дух и поэзия: Исследование, размышление. – Алматы: Таймас, 2016. – 112 с.
- 5 Ауэз М. Казахская литература. Вечное дыхание – это дыхание Бога. – № 20, 14 мая 2021 г.
- 6 Кабдолов З. Искусство слова. – Алматы: Казахский университет, 1992. – 352 с.
- 7 Сулейменов О. Сборник очерков в 7 томах. Сост. и введение. Искусство. Сафара Абдулла. [Текст] – Алматы: «Атамұра», 2004. – 344 с.
- 8 Сулейменов О.О. Сборник сочинений Том 1. Стихи. - Алматы: Издательство «Атамұра», 2004 г. - 475 с.
- 9 Narsha Ram. Imagining Eurasia: The Poetics and Ideology of Olzhas Suleimenov's AziIA – Cambridge University Press. – 2001.- 311б. (in English)
- 10 Гончаренко С. Ф. Поэтический перевод и перевод поэзии: константы и вариативность Тетради переводчика. – Москва, 1999. с. 107
- 11 Naomi Beth Chaffee. A dissertation submitted in partial satisfaction of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy in Slavic Languages and Literatures – Los Angeles: University of California, p. 209. 2013. (in English)

Материал поступил в редакцию журнала 10.06.2024

An integrative description of the concept of national spirit in poetic translations (based on the poetry of Olzhas Suleimenov)

G.A. Abylkasimova

Alikhan Bokeikhan University, Semey, 071410, Republic of Kazakhstan

The manuscript delineates the thematic underpinnings of narrative ideation within poetry, elucidates certain challenges inherent to poetic translation, and explicates the construct of national ethos. It undertakes a meticulous examination of the integrative potential within the oeuvre of Olzhas Suleimenov, particularly focusing on the depiction of the "People's Spirit" across both original compositions and their translated counterparts. This examination incorporates scholarly perspectives on the exigencies of poetic translation, highlighting the manifestation of its integrative attributes within the poetic domain.

The inquiry probes the narrative construct in the poetic works of the Russian-speaking Kazakh bard, Olzhas Suleimenov, postulating and evaluating the hypothesis that discerns the 'national spirit' concept, acknowledging the phenomena of instantaneous integration.

The article examines the research of scientists who have comprehensively studied the work of Olzhas Suleimenov, analyzes opinions and views. As a result, it was found that the priority areas that scientists paid attention to when studying the poetic heritage of Olzhas Suleimenov were such issues as creative biography and creative portrait, the transformation of poetry in the field of Turkology, worldview, cultural studies, the internal and external form of poetry, imagery in poetry, hormonal connection with the works of a foreign poet. In the course of the study, a scientific and conceptual analysis of the poet's poetic works was carried out, which makes it possible to judge that Olzhas Suleimenov's poems are a source of the "national spirit". The original and translated poems of Olzhas Suleimenov considered in the article are divided into two groups based on the concept of "national consciousness". The first group includes the works of the poet, in which concepts characterizing the concept of "national consciousness" and based on a separate theme are often found, the second group includes poems in which motifs of "national" coloring are found. The study defines the importance of love, compassion for the nation and national character in expressing the author's idea in the poet's works. The novelty of the research work lies in the fact that the texts of poems in Kazakh and Russian languages classify the integration nature of the concept of the national spirit.

The research used methods of generalization, analysis, formulation, and experimental research. As a result of the research, it was concluded that Olzhas Suleimenov is a unique poet who brought Kazakh poetry into the world space in the context of national consciousness.

Key words: Narrative ideation, national spirit, national consciousness, concept, translation, integration, imagery.

REFERENCES

- 1 Sutanov S. XX ғасырдың алғашқы шірегіндегі қазақ және түркі халықтары әдебиетінің типологиялық сипаты [Typological nature of the literature of the Kazakh and Turkic peoples in the first quarter of the 20th century]. (2006)
- 2 Khuatbekuly E. Narrative and discourse in the works of N.A. Nazarbayev. ...dissertation of Doctor of Philosophy (PhD). (2017)
- 3 Scibior A. «What is it, your narratology?» Interview with Valery tyupa. Przegląd Rusycystyczny, (2020). <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0> DOI: 10.31261/pr.7833
- 4 Kulbarak S. National spirit and poetry: Research, reflection. (2016).
- 5 Auez M. Kazakh literature. (2021) The eternal breath is the breath of God.
- 6 Kabdolov Z. The Art of Words. (1992)
- 7 Suleimenov O. Collection of essays in 7 volumes. Comp. and introduction. Art. Safar Abdullah. [Text] (2004)
- 8 Suleimenov O.O. Collected essays Volume 1. Poems. (2004)
- 9 Harsha Ram. Imagining Eurasia: The Poetics and Ideology of Olzhas Suleimenov's AziIA (2001)– Cambridge University Press.
- 10 10.Gonşarenko S. F. Poetişeskii perevod i perevod poezii: konstanty i variativnost Tetradi perevodşika. [Poetic translation and translation of poetry: constants and variability Translator's Notebook.] 1999)
- 11 Naomi Beth Chaffee. A dissertation submitted in partial satisfaction of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy in Slavic Languages and Literatures – Los Angeles: University of California (2013)

Received: 10.06.2024

MFTAP 178230

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp100-113](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp100-113)

Г.Ж. Абылкасов¹, Х.Ю. Миннегулов²

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

²Қазан Федералды университеті, Қазан, 420008, Ресей Федерациясы, Татарстан Республикасы

КӨКШЕТАУ ТАТАРЛАРЫ ТАРИХЫ (ҚАЗАҚ-ТАТАР ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ)

Мақалада қазақ және татар халықтарының әдеби, мәдени байланыстарының тарихы бірнеше ғасырға ұластындығы жайындағы мәліметтерге сүйене отырып баяндалған ақпараттар берілген. Қазақ-татар байланыстары туралы, татар халқының қазақ жеріне келу себептері мен қоныс аударуы сияқты тарихи кезеңдерге тоқталып өтіп, қазақ қоғамына тигізген оң ықпалы туралы айтып өтілді. Мақала тарихи және мәдени аспектілерде алып қарастырғанда, татар ұлты өкілдерінің қазақ арасындағы мәдениет пен білімге тигізген ықпалы жайында қарастыру қажет деп табылды. Татар оқығандары мен зиялы қауымының қазақ қоғамындағы орны туралы арнайы қарастырудың негіздемесі қалай пайда болды? Бұл сұрақ жөнінде айтарымыз мынау: XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Патшалық Ресейдің Қазақстанға ықпалы күшейе түсті. Осыған орай, түрлі факторлардың әсерінен татарлардың қазақ жеріне миграциясы күшейді. Сондай-ақ діні,